

1. Гимназия кластарды анықтау туралы

Ақтөбе облысы әкімдігінің 2023 жылғы қыркүйек айының 4 күні №229 қаулысымен мектебіміздің атауы өзгертілді. Ендігі жерде

«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Дінмұхамед Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі болып табылады. Осы қауылға сәйкес мектеп ЖАРҒЫСЫна да өзгерістер енгізіліп, қайта бекітілді. Жарғы 17 тараудан құрылған: 1. Жалпы ережелер;

2. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің заңдық мәртебесі

3. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің мәні мен қызметі

4. Мектеп-гимназияға қабылдау тәртібі

25.11. Бірінші класқа алты (жеті) жасқа толған және осы күнтізбелік жылдың соңына дейін алты (жеті) жасқа толатын балалар қабылданады. Ата-аналардың өтініштерін қабылдау осы жылдың 1 сәуір мен 1 тамыз аралығында жүргізіледі.

25.12. Денсаулық жағдайына қарай ұзақ уақыт бойы білім беру мекемесіне бара алмайтын білім алушылар үшін үйде дербес оқыту ұйымдастырылады.

25.13. Мектеп-гимназияға қабылдау ата-аналарының (немесе заңды өкілдерінің) жазбаша өтініші, дәрігерлік анықтама, туу туралы куәліктің көшірмесі негізінде жүзеге асырылады.

25.14. Оныншы бейіндік кластарға қабылдау білім алушының қызығушылығы, бейімділігі және қабілеттілігі ескеріліп, оқушының жеке арызы, ата-ананың келісімі (заңды өкілдері), негізгі орта білім туралы құжаты негізінде жүргізіледі.

25.15. Оқушыларды қабылдау кезінде мектеп-гимназия ата-аналарды немесе өзге де заңды өкілдерді Жарғымен, білім беру қызметін жүргізу құқығына берілген лицензиямен, ішкі тәртіп ережелерімен және оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруды реттейтін басқа да құжаттармен таныстыруға міндетті.

25.16. Мемлекеттік мекеменің гимназиялық кластары педагогикалық кеңес шешімі негізінде ашылады. Бірінші сыныптарға қабылдауда әңгімелесу/диагностикалау жүргізіледі. Гимназиялық кластарға қабылдау келесі критерийлер негізінде жүзеге асырылады: гимназиялық класқа ауыстыру туралы өтініш, жылдық қорытынды бағалары барлық пәндер бойынша «бес» пен «төрт» болғанда қабылдау комиссиясы әңгімелесу/диагностика жүргізіледі.

Гимназиялық кластардан шығару жүзеге асырылады:

- 1) Егер білім алушыда жылдық қорытынды бағаларында үш пәннен «үштік» бағалары болса педкеңес шешімі негізінде;
- 2) Мектеп-гимназия ережесін бұзған жағдайда;
- 3) Ата-анасының өтініші негізінде;
- 4) Баланың денсаулығы бойынша жалпы білім беретін кластарға ауыстырылады.

5. Коммуналдық мемлекеттік мекемені басқару

6. Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру

25.17. Білім беру ұйымы төмендегідей білім беру бағдарламаларын ұйымдастырады:

- бастауыш білім беру - төрт жыл;
- негізгі орта білім беру (меңгеру мерзімі – бес жыл);
- жалпы орта білім беру (игеру мерзімі – екі жыл).

- білім алушыларды қабілеттері мен бейімдеріне байланысты тереңдетіп, бейіндетіп, саралап оқытуды қарастыратын қосымша жалпы білім беру;
- тереңдетілген, сараланған, жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын жүзеге асыру;

- қосымша білім беру;

25.18. Білім алушылардың сабақтарының тәртібі төмендегідей:

1-кезең – сабақтың басталуы – 8.00;

Аралық кезең - 11.00.

2-кезең – сабақтың басталуы – 14.00;

Сабақтың ұзақтығы – 40 минут.

25.19. Мектеп-гимназияда оқу процесін ұйымдастыру оқу жоспарының, сабақ кестесімен реттелетін мектеп-гимназияның өзі жасаған жұмыс оқу жоспарының негізінде құрылады. Мектеп-гимназияда сабақ кестесі гимназия директорымен немесе оны ауыстырушымен бекітіледі.

25.20. Саралап және жекелеп оқыту міндеттерін шешу, оқушылардың зерттеушілік қызығушылығын дамыту үшін әрбір бейіндік пән бойынша әр сыныпқа аптасына 4 сағат есебінен қаражат, оқушылардың шығармашылық және зерттеушілік қызметін дамыту бойынша жеке сабақтан тыс жұмыстар үшін әр сыныпқа 0,25 ставка бөлінеді.

Білім беру ұйымдарының ерекшеліктерін ескере отырып, дарынды балалар үшін мектепке жылына 1500 сағат есебінен жоғары білікті мамандармен шарттық негізде жекелеген курстар мен дәрістерге ақы төлеу үшін қаражат бөлінеді. Ерекше дарынды оқушылармен бағдарламаларлы жеделдетіп өткізуді ұйымдастырған жағдайда әр міндетті пән бойынша 0,25 ставка мөлшерінде қаражат бөлінеді. Тандау бойынша факультативтік сабақтар және курстар топтарда кемінде 10 адам болғанда жүргізіледі.

25.21. Мекемедегі оқу мен тәрбие жұмыстарын жоспарлау оқу жылына арналған оқу-тәрбие процесінің кестесі мен теориялық және практикалық сабақтар кестесін бекіту арқылы жүзеге асырылады. Мекемедегі оқу және тәрбие жұмыстарын есебі теориялық және өндірістік оқытудың есепке алу журналдарын және оқу бағдарламаларының оқу сағаттарында орындалуын есепке алу журналдары мен табельдерін жүргізу арқылы жүзеге асырылады.

25.22. Оқу жылының басталуы мен аяқталу мерзімдерін тек Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы орталық атқарушы орган белгілейді.

25.23. Мектеп-гимназияда оқыту мен тәрбиелеу қазақ, орыс тілдерінде жүргізіледі.

25.24. Негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беру бағдарламаларын игеру ҚР-ның Оқу-ағарту министрлігімен бекітілген ережемен белгіленген тәртіппен жүзеге асырылатын мектеп-гимназия бітірушілерді міндетті қорытынды аттестаттаумен аяқталады.

25.25. Мектеп-гимназия білім алушыларды аралық аттестаттау нысандарын, тәртібін және мерзімін тандауда дербестік таныта алады.

25.26. Мектеп-гимназия ата-аналардың (немесе өзге де заңды өкілдердің) қалауы бойынша жалпы білім беру бағдарламаларын немесе олардың бір бөлігін игеру үшін күндізгі білім алу, экстернат нысанында оқуға жағдай жасауға ықпал етіп, көмек көрсетеді.

25.27. Мектеп-гимназиядағы кластардың саны санитарлық нормалардың талаптары мен жалпы білім беру процесін жүзеге асыру жағдайларына байланысты анықталады. Кластардың толымдылығы 24 адамнан кем емес мөлшерде белгіленеді.

Қажетті жағдайлар мен жабдықтар болған жағдайда кластарды аз мөлшердегі толымдылықпен комплектілеуге болады.

25.28.Мектеп-гимназияда тәртіп оқушылардың және педагогикалық қызметкерлердің адамгершілік абыройын құрметтеу негізінде жүзеге асады. Оқушыларға дене және психикалық қысым көрсетуге жол берілмейді.

25.29. Он алты жасқа толмаған балалар орта білім беру мемлекеттік ұйымынан ерекше жағдайларда ғана, құқыққа қарсы іс-әрекеттер жасағаны, білім беру ұйымының жарғысын өрескел және бірнеше рет бұзғаны үшін білім беру ұйымының мемлекеттік басқару органының шешімі бойынша шығарылады.

Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды шығару шешімі қорғаншылық және қамқоршылық органының келісімімен қабылданады.

25.30.Білім беру ұйымдарындағы тәрбие бағдарламалары оқу процесінің құрамдас бөлігі болып табылады және білім алушылардың, тәрбиеленушілердің патриоттық, азаматтық, интернационалдық, жоғары моральдық және адамгершілік сезімін қалыптастыруға, сондай-ақ жан-жақты қызығушылықтары мен қабілеттерін дамытуға бағытталған.

25.31.Білім беру ұйымдарында нәсілдік, этностық, діни, әлеуметтік ымырасыздық пен айрықшалықты насихаттауға, милитаристік және халықаралық құқық пен ізгіліктің жалпыға танылған принциптеріне қайшы келетін өзге де идеяларды насихаттауға тыйым салынады.

25.32.Білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қатысты күш көрсету, моральдық және психикалық қысым жасау әдістерін қолдануға жол берілмейді.

25.33.Әскерге шақырылуға дейінгі және шақырылу жасындағы білім алушылардың негізгі орта білім беру базасындағы алғашқы әскери дайындығы - жалпы орта білім беретін оқу бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдарында іске асырылады.

25.34.Білім беру ұйымы ата-аналар мен кәмелеттік жасқа толмаған білім алушылардың өзге де заңды өкілдеріне оқу-тәрбие процесінің барысы мен мазмұнымен, сонымен қатар білім алушылардың үлгерімімен танысуға мүмкіндік береді.

25.35.Мектеп-гимназияда оқу жылы қыркүйек айының бірінші күнінен басталады, егер де бұл күн жексенбіге сәйкес келсе, онда оқу жылы одан кейін бірінші жұмыс күнінен басталады. Оқу жылының ұзақтығы: 1 кластар үшін 33 апта, 2-11 кластар үшін -34 апта.

25.36.Бірінші кластарда балалардың мектеп-гимназия талаптарына бейімделуін жеңілдету мақсатында 1-ші кластарда оқу жүктемесін біртіндеп өсірілетін сабақтардың «сатылы» тәртібі енгізіледі, яғни қыркүйекте – 35 минут, қазан айынан бастап – 40 минут.

25.37.Оқушылар мен ата-аналардың мүдделерін ескере отырып және қабілеттерін дамыту мақсатында оқу жоспарының жылжымалы бөлігі есебінен кластарда қосымша пәндер енгізілуі мүмкін.

7. Білім деңгейін ағымдық бақылау, оқушыларды аралық және қорытынды аттестаттау жүйесі

25.38. Негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын меңгеру білім алушылардың міндетті қорытынды аттестаттауымен аяқталады.

25.39. Аралық аттестаттау оқу пәндерінің тізбесі, нысандары мен өткізу мерзімдері мектеп-гимназияның педагогикалық кеңесінің шешімімен белгіленеді.

25.40. Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылауды барлық оқу пәндері бойынша оқу жылының бірінші тоқсанынан (жарты жылдығынан) бастап жүргізеді. Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылауды тоқсан, бөлім (ортақ тақырып) аяқталғаннан кейін оқу материалдарының мазмұнын меңгеру деңгейін анықтау және қадағалау үшін жиынтық бағалау нысанында жүргізіледі. Жиынтық бағалау үшінші тоқсаннан бастап 1-сыныптарда, бірінші тоқсаннан бастап 2-11 (12) сыныптарда жүргізіледі.

25.41.9 (10) және 11 (12) кластардың білім алушыларын қорытынды аттестаттаудан босатуға құқық беретін аурулар тізімін ҚР Оқу-ағарту министрлігі белгілейді.

25.42. 9 класс көлемінде білімді аяқтаған білім алушыларға негізгі орта білім туралы аттестат беріледі.

25.43.11 класс көлемінде білім алған оқушыларға жалпы орта білім туралы аттестат беріледі.

8. Қосымша ақылы білім беру қызметін көрсетудің тізбесі мен тәртібі

9. Мекеме мен оқушылардың, олардың ата-аналарының қатынастарын реттеу мен рәсімдеу

10. Білім беру ұйымдарына алып кіруге және қолдануға тыйым салынған заттар тізбесі

11. Коммуналдық мемлекеттік мекеме мүлкінің құрылу тәртібі

12. Коммуналдық мемлекеттік мекемедегі жұмыс тәртібі

13. Білім беру ұйымының қызметін материалдық-техникалық қамтамасыз етудің қаржыландыру көздері

14. Құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

15. Коммуналдық мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату шарттары

16. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдіктері туралы мәліметтер

Осы жарғының 4 тарауына сәйкес 2023-2024 оқу жылында 25 класс-комплекті гимназия класы деп анықтап отырмыз:

- 1) 1 «А» - жетекшісі Қожа Сәуле Жанболатқызы,
- 2) 1 «Ә» - Дуйсенова Самига Тыныскалиевна,
- 3) 1 «Б» - Алдиярова Жанаргул Есенгелдиевна,
- 4) 1 «В» класы – Қазақова Гаухар Темірлановна.
- 5) 1 «Д» класы – Қонтаева Кулшат Қуанышевна
- 6) 1 «Е» класы – Селбаева Жадыра Мамыртаевна
- 7) 1 «И» класы – Түрежанова Нұршат Алпысбайқызы
- 8) 2 «А» - Сагиндыкова Асемгуль Сабиржановна
- 9) 2 «Ә» - Ералина Райса Төлепбергенқызы
- 10) 2 «В» - Рамазанова Нұршат Ерлановна
- 11) 3 «Ә» - Қонарова Гүлмира Сағитжановна
- 12) 3 «Б» - Ерназарова Меруерт Елшибаевна
- 13) 4 «Ә» - Нұрқасова Ардақ Еркінғалиевна
- 14) 4 «Г» - Мырзабаева Тоты Акимжановна
- 15) 4 «И» - Отаралина Айнұр Елеуовна

- 16) 5 «А» - Романова Мирамгүл Картаевна
- 17) 5 «Ә»- Сырбаева Сағадат Маликовна
- 18) 5 «Б»- Кулынтаева Калка Мамбетжановна
- 19) 5 «В» - Кожаметова Айнұр Самухановна
- 20) 6 «Ә» - Альжанова Мая Тыныштықбаевна
- 21) 6 «Б» - Ажибаева Гүлзия Усенхановна
- 22) 6 «Г» - Батыршаева Айгерім Мұхтарқызы
- 23) 7 «А» - Бүркітәлі Азамат Мұратұлы
- 24) 7 «Ә»- Бекетова Гульназ Куанышевна
- 25) 7 «В»- Досан Мирамгул Мопыққызы

Гимназиялық кластарды анықтау биылғы жылы 2022-2023 оқу жылдық қорытысы, білім сапасына сәйкес жүргізілді.

Алдағы уақытта білім алушылардың бағалары **барлық пәндер** бойынша **«бес» пен «төрт»** (екпінділер мен үздіктер) болғанда ғана гимназия кластарына ауыстырылады, демек осы аталған кластар құрамында әлі де өзгерістер болады.

Тағы да айта кететін жәйт аталған кластарда инклюзивтік бағдарламаны қажет ететін балалар бар. (1 «Д», 2 «А», 2 «Ә», 3 «Б», 4 «Г», 6 «Б»)

Ұсыныс: 1) «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Дінмұхамед Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі болып табылғаннан кейін 2022-2023 оқу жылының қорытындысына сәйкес жоғарыда аталып кеткен 25 класс –класс комплект гимназия кластары болып есептелсе.

2.) 1 «Д», 2 «А», 2 «Ә», 3 «Б», 4 «Г», 6 «Б» кластардағы инклюзивтік бағдарламаны қажет ететін балаларды, мектеп жарғысының ережесіне сәйкес, ата-аналарының келісімін ескере отырып жай класс - комплектілерге ауыстыру.